

2017 жылғы 30 мамырда
облыстық мәслихаттың сессиясында жария етілген

Ақтөбе қаласының әкімі
И.С.Испановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ильяс Сапарбекұлы!

Сізге келесі сұрақтар бойынша мәселелерді шешуге көмек сұрап депутаттық сауал жолдаймын:

1) Маған «АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-інен келесі мәселе шешуге өтінішпен хат түсті.

«АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-і 2015/2016 жылдар кезінде ММ «Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімімен» (ММ «ТКШ»), ММ «ТКШ» жанындағы ММ «Тазалықпен» жасалған келісім-шарттарға сәйкес Ақтөбе қаласындағы жолдардың жазғы және қысқы күтімі жұмыстарын, сонымен қатар көктем кезіндегі су тасқынына қарсы шараларға қатысты жұмыстарын атқарды.

Қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы жағдай жасау, тасқынға және басқа да күтпеген жағдайға жол бермеу және осыған орай үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету мақсатымен, «АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-і өзінің техникасына қоса қосалқы мердігерлік ұйымдарды жұмылдырды.

Алайда, барлық жұмыстар аяқталған соң, Тапсырыс беруші атынан ММ «ТКШ», ММ «Тазалық» орындалған жұмыстар үшін толық көлемде төлеген жоқ, оған қоса, негізгі келісім-шартпен көзделмеген қосымша жұмыстарға қосымша келісім жасаудан бас тартты, осы себептен олардың «АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-іне берешегі пайда болды.

Осылайша, бүгінгі күні ММ «ТКШ», ММ «Тазалық» «АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-іне берешек тұтас алғанда 39,9 млн. тенге, соның ішінде 2015/2016ж. жолдардың қысқы күтімі үшін - 21,3 млн. тенге, тасқынға қарсы шаралар үшін - 11,3 млн. тенге, 2016ж. жазғы күтімі жұмыстары үшін - 7,3 млн. тенге.

Осыған сәйкес ММ «ТКШ», ММ «Тазалық» қосалқы мердігерлермен шын мәнінде орындалған қосымша жұмыстар үшін қосымша келісім жасаудан бас тартқандықтан, «АқтөбеГорДорСтрой» ЖШС-інің өзінің қосалқы мердігерлеріне берешек тұтас алғанда 14,6 млн. тенге құрайды. Ал

бұл тұлғалар «АктобеГорДорСтрой» ЖШС-імен бірге тәулік бойы қала үшін бұл жұмыстарды орындаған.

Жалпы алғанда ММ «ТКШ» «АктобеГорДорСтрой» ЖШС-іне берешек 48,8 млн. тенге құрайды.

Өз кезегімде, «АктобеГорДорСтрой» ЖШС-і ірі салық жүктемесі бар, жүздеген адам жұмыс жасайтын біздің қаламыздың үздік мердігер ұйымының бірі болып табылатынын мәлімдегім келеді, және бұл мекеме бірнеше он жылдықтар бойы біздің қаламыздың дамуына өз үлесін қосып жүр.

2) 2015 жылы ММ «Ақтөбе қаласының құрылыс бөлімі» «Инженерное проектирование» ЖШС-інің жобасы бойынша 11 және 12 мөлтек аудандарының кәріз желілерін қайта жөндеу жұмыстарын бастады. Бас мердігер - «Актобе Спец строймонтаж» ЖШС-і.

2016 жылы жер асты суларының пайда болуына байланысты жұмыстар тоқтатылды. Еңіс және өзіндігінен ағу жүйесін құру үшін құдықтардың төсем тереңдігі 4-5 метр болып табылады. Жер асты суларының деңгейін төмендету жобамен көзделмеген, осы себептен жоба түзетуге қайтарылды.

12 мөлтек ауданының құбырлары кәріз жүйесінің деңгейінің өзінен жоғары орнатылған кәріз желілері уақытша айналма жол арқылы жұмыс жасап тұр. Сондықтан кәріз құдықтары асыра толып тұр, құдықтар толғаннан кейін пайдаланған су біреуінен басқасына ағып өтеді. Әр азғантай жаңбырдан соң, құдықтар толады және пайдаланған су жерге төгіледі. Кәріз иісі, маса, шыбындар 12 мөлтек ауданының тұрғындары үшін үйреншікті көрініске айналды. Кәріз желілерін қайта жөндеу жұмыстарын тез арада аяқтау керек. 12 мөлтек ауданының тұрғындары, кондоминумдардың төрағалары маған бұл мәселені шешуге көмектесуге бірнеше рет сұрады.

Осыған орай, жобаны түзету және бекіту мәселесі, жұмыстарды аяқтау және жөндеу жұмыстары аяқталғаннан соң 11 және 12 мөлтек ауданындағы кәріз жүйелерін пайдалануға беру қай кезеңде туралы жазбаша хабрлауыңыз сұралады.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша нысанда беруіңіз сұралады.

**Ақтөбе облыстық
мәслихатының депутаты**

А.Айтжанов